

**«Камшат-1» бөбекжай- балабақшасы» жеке мекемесінің
№1-әдістемелік кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

**2025 жылғы 05 қыркүйек .
Қатысқандар: 21**

Болмағандар: 2

№1-отырыс:

Тақырыбы: Әдістемелік қызметтің жұмысын ұйымдастыру.

Мақсаты: 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік қызмет шеңберінде мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің қызметін ұйымдастыру.

Күн тәртібі:

1. МДҰ педагогтерінің кәсіби жетістіктерін анықтау, зерделеу, жалпылау жоспарын қарау және бекіту.

Педагогтердің жетістіктерін мониторингтеу нысандары мен әдістерін талқылау.

Жауапты тұлғаларды анықтау.

Материалдарды ұсыну мерзімдері мен нысандарын бекіту.

2. Жаңадан келген педагогтермен жұмысты жоспарлау. Тәлімгерлік.

Жас мамандарды сүйемелдеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын ұсыну және бекіту.

Тәлімгерлік сызбасын талқылау және бекіту.

Тәлімгерлерді тағайындау.

3. МДҰ базасында өткізілетін конкурстардың ережелерін қарау.

Жоспарланған кәсіби және балалар конкурстарының тізімімен танысу.

Қатысу шарттарын, бағалау критерийлерін және өткізу мерзімдерін талқылау.

Ұсыныстар енгізу, ережелерді бекіту.

Мәселелерді талқылау барысы:

Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А. Д. Омарова сөз алды.

1-сұрақ бойынша педагогтердің кәсіби жетістіктерін анықтау, зерделеу және жалпылау бойынша жылдық жоспар жобасын ұсынды. Жоспардағы негізгі бағыттармен таныстырып, іске асыру кезеңдерін баяндады.

2-сұрақ бойынша: Мониторинг жүргізу нысандары (портфолио, ашық сабақ, бақылау, сауалнама, құжат талдау) және әдістері талқыланды. Педагогтердің кәсіби өсуін бағалау критерийлері қаралды.

3-сұрақ бойынша: Жұмыстарды ұйымдастыру және мониторинг жүргізу үшін жауапты тұлғаларды бекіту мәселесі қарастырылды.

4-сұрақ бойынша: Материалдарды тапсыру мерзімдері мен нысандары талқыланып, бекіту ұсынылды.

Қаулы етті:

1. МДҰ педагогтерінің кәсіби жетістіктерін анықтау, зерделеу және жалпылау жоспары бекітілсін.
2. Мониторингтің нысандары мен әдістері төмендегідей бекітілсін:
 - портфолио талдау;
 - ашық іс-тәжірибе көрсетілімдері;
 - сауалнама, өзін-өзі бағалау парағы;
 - бақылау карталары;
 - құжаттарды сараптау.
3. **Жауапты тұлғалар:**
 - Жалпы үйлестіру – Абдикеримова А. М;
 - Топтар бойынша жауаптылар – Ешимбетова Г. Е; Любина А. С.
 - Мониторингтік талдау жүргізу тобы – Мырзакулова А. С; Галеева Р. И.
4. **Материалдарды ұсыну мерзімдері:**

- ай сайын

Материалдарды тапсыру нысандары:

- электронды портфолио;
- жинақталған есеп;
- мониторингтік кестелер.

Тыңдалды:

1-сұрақ бойынша: Әдіскер А. Д. Омарова жаңадан келген педагогтермен жүргізілетін жұмыстың жоспар жобасын таныстырды. Жоспарға педагогтің бейімделу кезеңі, құжаттамамен танысу, әдістемелік колдау көрсету, кәсіби дағдыларын бақылау және жеке дамыту бағыттары енгізілгені баяндалды.

2-сұрақ бойынша: Жас мамандарды сүйемелдеу жөніндегі іс-шаралар жоспары ұсынылды. Жоспарда семинарлар, тренингтер, ашық сабақтарға қатысу, жеке кеңес беру, педагогтің даму картасын жүргізу сияқты іс-шаралар қарастырылғаны айтылды.

3-сұрақ бойынша: Тәлімгерлік жұмыстың сызбасы талқыланды. Сызбада тәлімгер мен жас педагогтің міндеттері, жұмыс кезеңдері, бақылау және бағалау тетіктері көрсетілгені баяндалды. Тәлімгерлік үдерісті үш кезеңге бөлу ұсынылды: бейімделу, тәжірибелік кезең, қорытындылау.

4-сұрақ бойынша: Жаңадан келген педагогтерге тәлімгерлер тағайындау мәселесі қарастырылды. Тәжірибесі мол педагогтер кандидат ретінде ұсынылды, олардың жауапкершіліктері мен міндеттері нақтыланды.

Қаулы етті:

1. Жаңадан келген педагогтермен жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Жас мамандарды сүйемелдеу жөніндегі іс-шаралар жоспары мақұлданып, қолданысқа енгізілсін.
3. Тәлімгерлік сызбасы бекітілсін.
4. Жаңадан келген педагогтерге төмендегі тәлімгерлер тағайындалсын:

Жас маман: Есболатқызы Л- тәлімгер: Оспанова С. М.

Акрамова Г. Ф- тәлімгер Галеева Р. И.

Абдикадырова З. А. – тәлімгер Сейтжаппар А. А.

Байтұрсын А. Н.- Ешимбетова Г. О.

Тыңдалды:

1-сұрақ бойынша: Әдіскер Омарова А. Д. балабақшамызда ұйымдастырылатын конкурстардың ережелер жобасын таныстырды. Ережелердің жалпы құрылымы, мақсаттары мен міндеттері, өткізілетін деңгейі жөнінде ақпарат берілді.


2-сұрақ бойынша: Жоспарланған кәсіби және балалар конкурстарының жылдық тізімі ұсынылды. Әр конкурс бағыттарының мазмұны, тақырыптары және мақсаттары қарастырылды.

3-сұрақ бойынша: Конкурстарға қатысу шарттары, бағалау критерийлері және өткізу мерзімдері талқыланды. Бағалау парақтары, сарапшылар алқасы, қатысушыларға қойылатын талаптар жөнінде ұсыныстар айтылды.

4-сұрақ бойынша: Конкурс ережелерін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізілді. Құжатты толықтыру, нақтылау және бекіту жөніндегі ұсыныстар қарастырылып, мақұлдау туралы пікірлер айтылды.

Қаулы етті:

1. МДҰ базасында өткізілетін конкурстардың ережелері мақұлданып, бекітілсін.
2. Жылдық кәсіби және балалар конкурстарының тізімі бекітілсін.
3. Қатысу шарттары, бағалау критерийлері және өткізу мерзімдері жұмыс жоспарына енгізілсін.
4. Ережелерді жетілдіру бойынша енгізілген ұсыныстар тиісті құжаттарға енгізілсін.

Төрайымы: К. А. Сикымбекова 

Хатшы: Сейдуалы Т. Ғ. 